

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 5, Number 35 (2016), 72 – 77

**N. T. Tumenbaeva, B. T. Tararov**

Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan.

E-mail:nagi\_kosi@mail.ru

**LEPIDOPTERA (*INSECTA: LEPIDOPTERA*) DAMAGING  
THE GENERATIVE ORGANS OF SAXAUL IN DESERT ZONE  
IN THE SOUTH-EAST OF KAZAKHSTAN**

**Abstract.** As the results of the faunal survey in the desert area in the South-East of Kazakhstan in 2014–2015 we found specialized pests of haloxylon generative organs, in early spring, 2 species of the family of a *Noctuidae*: *Cardepia irrigoria* Ershov., *Cardepia helix* Boursin, and in autumn for one species of the family *Gelechidae*: *Scrobipalpa* sp. and *Coleophoridae*: *Ionescumia saxauli* Flkv, which feed on ripening seeds. The data on their biological characteristics and nature of the damage were received.

**Keywords:** Saxaul, lepidoptera, generative organs, seeds, *Noctuidae*, *Coleophoridae*, *Gelechidae*, biology.

ӘОЖ 632.7+631.95

**Н. Т. Түменбаева, Б. Т. Тарапов**

Қазақ ұлттық Аграрлық университет, Алматы, Қазақстан

**ОҢТҮСТІК ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА СЕКСЕУІЛДІҢ  
ГЕНЕРАТИВТІ МҰШЕЛЕРІН ЖӘНЕ ТҮҚЫМЫН ЗАҚЫМДАЙТЫН  
ҚАБЫРШАҚҚАНАТТЫЛАР (*INSECTA: LEPIDOPTERA*)**

**Аннотация.** Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның шөл аймағында 2014-2015 жылдары жүргізілген фаунистикалық зерттеулердің нәтижесінде, сексеуілдің көктем кезінде генеративті мұшелерімен коректенуге ма-мандаған тұншілер туыстасынан (*Noctuidae*)- *Cardepia irrigoria* Ershov. және *Cardepia helix* Boursin., ал күз кезінде жана толысып келе жатқан тұқыммен қоректенетін құндақтылар туыстасынан (*Coleophoridae*) - *Ionescumia saxauli* Flkv. және гелехиде (*Gelechidae*) туыстасынан - *Scrobipalpa* sp. 1 түрлерінің биологиялық және қоректену ерекшеліктері туралы мәліметтер көлтіріліп отыр.

**Түйін сөздер:** сексеуіл, қабыршаққанаттылар, генеративті мұшелер, тұқым, тұншілер, құндақтылар, гелехиде, биология.

**Кіріспе.** Оңтүстік және Оңтүстік – Шығыс Қазақстанның шөл аймағындағы сексеуіл ормандарының жағдайы туралы және сексеуіл егілген аумақтың жыл сайын үлкейіп келе жатқаны туралы көптеген мәліметтер республикалық басылымдарда жарық көруде [1, 2]. Сонымен қатар, мемлекетіміздің ауылшаруашылығы министрлігінің құм көшуін тоқтақыш өсімдіктерді өсіру мақсатында дайындалған «Шөл ормандарын жаңғыруту үшін сексеуілді және басқада құм көшуін тоқтақыш өсімдіктерді егу» жобасы бойынша жыл сайын аталған өсімдіктерді егу жұмыстары жүргізілуде. Бірақ, егілген сексеуіл өскіндерінің есу деңгейі өте төмен, яғни, егуге арналған тұқым сапасын жетілдіру жағы әлі өз деңгейде емес екендігі, өткен мақалаларымызда атап өткенбіз [3-6]. Осыған байланысты сексеуілдің генеративті мұшелерімен және тұқымымен қоректенетін зиянкес-қабыршаққанаттылардың биологиялық ерекшеліктерін зерттеу, қорғау шараларын ұйымдастыру үшін олардың онтайлы даму сатысын анықтау жұмысын жалғастыру керектігі туындалған отыр.

**Зерттеу әдістері.** Далалық зерттеулер және зертханалық тәжірибелер жалпыға белгілі энтомологиялық әдістермен жүргізілді [7, 8]. Сонымен қатар далалық және зертханалық зерттеулердің төмөндегідей ерекшеліктері болды: көктем кезінде, далалық жағдайда жұлдызқұрттардың сексеуілдің генеративті мүшелерімен қоректенуі визуалды түрде анықталды, ал зертханалық жағдайда жұлдызқұрттардың даму сатыларына байқау жүргізу үшін, жиналған жұлдызқұрттарды сексеуіл бұтақтарымен бірге шыны тұтікшелерге орналастырылды және күн ара сексеуіл бұтақтарын ауыстырып тұрдық. Тұқыммен қоректенетін түрлерді анықтау, күздін екінші жартысында (казан айында) алынған тұқым үлгілерін сараптау арқылы жүргізіліп, олардың зақымдау ерекшеліктері анықталды. Барлық жүргізілген байқаулар далалық және зертханалық тәжірибелердің нәтижелері құнделікке жазылды, бөжектердің әртүрлі даму сатылары (имагосы, жұлдызқұрты, қуыршағы) және зақымдау белгілері суретке түсірілді.

**Зерттеу нәтижелері мен талқылау.** Біздін 2014-2015 жылдары жүргізілген фаунистикалық зерттеулердің нәтижесінде, көктем кезінде сексеуілдің генеративті мүшелерін зақымдайтын және жаппай кездесетін, түншілер туыстасынан – 2 түр, күз кезінде жана толысып келе жатқан тұқыммен қоректенетін құндақтылар туыстасынан – 1 және гелехіде туыстасынан – 1 түрі анықталды. Олардың дамуы және генеративті мүшелерімен қоректену ерекшеліктері мәліметтер алынды.

### 1. Сексеуіл тұқымжегіші - *Ionescumia saxauli Flkv.*

Жіктелу орыны. Тап-Insecta → Тап тармағы – Pterygota → Инфра тап: Neoptera → Топ- Lepidoptera → Топ тармағы – Microlepidoptera → Туыстасы – Gelechiodea → Туысы – Coleophoridae → Тұқымдасы – *Ionescumia*.

Таралуы. Орта Азия. Қазақстанның шөл аймақтары.

Морфо-биологиялық ерекшеліктері. Зиянкестің ересек жұлдызы құрттарының ұзындығы 6 мм, денесі ақшыл-сары, басы қоңыр болып келеді. Сексеуілдің әртүрлі мүшелерімен қоректенетін құндақтылардан бұл түрдің негізгі айырмашылығы, жұлдызқұрттары құндақ жасамайды, сексеуіл тұқымының ішін кеуlep жейді, сонда тіршілік етеді.

Сексеуіл тұқымжегішінің жұлдызқұрттары, қоректенуі аяқталғаннан кейін, өсімдік қалдықтарының немесе топырақтың жоғарғы қабатында қыстап шығады.

### 2. Ойыққанатты тұқымжегіш - *Scrobipalpa sp.1*

Жіктелу орыны. Топ – Lepidoptera → Топ тармағы → Туыстасы-Gelechiodea → Туысы – Gelechidae → Тұқымдасы – *Scrobipalpa*.

Морфо-биологиялық ерекшеліктері. Зиянкестің ересек жұлдызы құрттарының ұзындығы 6 мм, денесі қоңырлау, басы қара болып келеді. Бұл түр сексеуілдің тұқымын зақымдауы, қоректенуі және биологиялық ерекшелігі жағынан жоғарыда атап өтілген түрге ете ұқсас. Жас және ересек жұлдызқұрттары жұқа піллә ішінде, өсімдік қалдықтарының ішінде қытайды. Тұқымның ішін ойып жейді.

### 3. *Cardezia helix Boursin.*

Жіктелу орыны: Топ – Lepidoptera → Туыстасы – Noctuoidea → Туысы – Noctuidae → Туыс тармағы – Hadeninae → Тұқымдасы – *Cardezia*. Алғаш рет имагосы бойынша, Сырдәрія өңірінен жиналған материалдар бойынша, 1962 жылы К. Бурсен жана түр ретінде сипаттап жазды (1-сурет) [9].




1-сурет –  
*Cardezia helix Boursin*. Имагосы.  
(Мауритс Де Врезе суреті)

Таралуы. Палеарктикалық түр. Негізгі мекені Азиялық шөл – далалық аймақтар. Ресейдің онтустік далалық аймақтары, Нижневолгальық және Тува өнірлері [10, 11]. Қазақстанның шөл – далалық аймақтары [12].

Морфо-биологиялық ерекшеліктері. Ересек көбелектерінің алдыңғы қанатының өрісі 28-30 мм, ашық-сұр, қоныр дақтары бар, үш қоныр дақ қанаттың шеткі ұшына қарай орналасқан, екі дақ - орта шенінде орналасқан, костальды тарамысының үсті жағында тізбекті дақтар кездеседі. Артқы қанатының түбіне қарай ақшыл-сұр, шетіне – қонырқай түс басым келеді, шеті ақшыл шашақпен көмкерілген. Денесі және құрсағы ақшыл-сұр, қонырқай жолақтары болады.

Жұлдызқұрттары. Денесінің жалпы түсі ақшыл, сары – сұрлау, ұзындығы 40-50 мм, бас жағында қоныр түсті майда теңбілдері бар, әрбір буылтықтарында тыныс алу тесіктері - стигмалары айқын көрінеді. Денесінің алдыңғы 3 бөлігінде 3 жұп, 6, 7, 8, 9-шы және соңғы сегментінде 1 жұптан аяқтары бар, барлығы 8 жұп аяқтары болады.

Куыршағының ұзындығы 18-20 мм, түсі қоныр, қою-қоныр, кремастері екі ұшты (2-сурет).



2-сурет – а – қуыршағы, б – қуыршақ кремастері

Жұмыртқа қабығының ішінде бірінші жастағы жұлдызқұрттары қыстайды. Қыстап шыққан жұлдызқұрттары, ерте көктемде сексеуліндін бүрімен және гүлімен коректеніп дамыйды. Сәуірдің бірінші онкундігінде коректенуін тоқтатқан кейін, ересек жұлдызқұрттар топырақтың үстінгі қабатына қуыршақтану үшін топырақтан ұшырылған жасап сол жерде қуыршақтанады (3-сурет). Қуыршақ сатысының даму ұзақтығы 10-12 күнге созылады.



3-сурет – Куыршақтың топырақ ұшыры

Имагосының ұшуы сәуірдің аяғынан бастап қазан айларына дейінжалғасады. П. Ю. Горбуновтың деректері [13] біздің келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді.

#### 4. *Cardepia irrigoria* Ershov.

Жіктелу орыны. Топ – *Lepidoptera* → Тұыстасы – *Noctuoidea* → Тұысы – *Noctuidae* → Тұыс тармағы – *Hadeninae* → Тұқымдасы – *Cardepia*.

Таралуы. Палеарктикалық, азиялық шөл – далалық түр. Таралуы: Ресейдің онтустік далалық аймақтары, Нижневолгальық және Тува өнірлері [10]. Қазақстанның шөл – далалық аймақтары [13].

Морфо-биологиялық ерекшеліктері. Ересек көбелектерінің алдыңғы қанатының өрісі 30-33 мм, ашық-сұр, қанатының шеткі ұшына қарай үш ақшыл қысық иректелген жолағы бар, алғашкысы қанаттың ортасына жақын, екінші жолағы бірқалыпты иректелген шеткі жолаққа жақындау

орналасқан, қанаттың шетіне жақын орналасқан үшінші жолағы ақшыл-қонырлау. Артқы қанаттының түбіне қарай ақшыл-сұр, шетіне – қонырқай түс басым келеді, шеті қоныр жолақпен және ақшыл шашақпен көмкерілген. Денесі және құрсағы ақшыл-сұр, қонырқай жолақтары болады.

Жұлдызқұрттары. Басы Денесінің жалпы түсі ақшыл, сары - сұрлау, ұзындығы 4-5 см, басында ұсақ қара-қоныр түсті дақтары, әрбір буылтықтарында стигмалары айқын көрінеді. Денесінде сирек, ақшыл қылышықтары бар және алдыңғы бөлігінде 3 жұп, құрсағында 5 жұп аяқтары бар (4-сурет).



4-сурет – *Cardepia irrigoria* Ershov. жұлдызқұрты

Ересек көбелектері сәуірдің аяғынан бастап қазан айларына дейін ұшады. Жұмыртқа қабығының ішінде 1 жастағы жұлдызқұрттары қыстайды. Зиянкестің, қыстап шыққан жұлдызқұрттары, ерте көктемде сексеуілдің бүрімен және гүлімен коректеніп дамиды. Осы кезде, олардың зиянкестілігі өте жоғары болып келеді, зақымдалған бұтақтары түгелдей генеративті мүшелерінен жалаңаштанып қалады (5-сурет). Сәуірдің бірінші онкүндігінде (5-10.04.2015) коректенуін тоқтатқан кейін, ересек жұлдызқұрттар топырақтың үстінгі қабатына (10 см дейін) қуыршақтану үшін топырақтан ұшырық жасап сол жерде қуыршақтанады. Қуыршақ сатысының даму ұзактығы 11-15 күнге созылады.

2014-2015 жылдарда жыйналған мәліметтер бойынша имагосының ұшуы сәуірдің аяғы ма-мымырдың екінші онкүндігінен бастап, қазан айларына дейін жалғасады. Ал, П. Ю. Горбуновтың деректері [13] біздің келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді.



*a*



*b*

5-сурет – *Cardepia irrigoria* жұлдызқұрттарымен зақымдалған (а) және зақымдаған (б) бұтақтары

Жоғарды аталып өткен *Cardepia* тұқымдастына жататын екі түрдің морфологиялық және биологиялық ерекшеліктері өте ұксас, екеуінің де коректік өсімдіктері алабұталылар (*Chenopodiaceae*) туыстасына жататын өсімдіктер.

**Қорытынды.** Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның шөл аймағында сексеулдің көктем кезінде генеративті мүшелерімен қоректенуге маманданған қабыршаққанаттылар тобына жататын зиянкестің өте қауіпті 4 түрі тіркелді. Олар, сексеулдің бүрі және гүлімен қоректенетін тұншілер туыстасынан (*Noctuidae*) – 2, және күз кезінде жаңа толысып келе жатқан тұқыммен қоректенетін құндақтылар (*Coleophoridae*) туыстасынан – 1 және гелехиде (*Gelechidae*) – 1 түр. Сонымен қатар зиянкестердің биологиясы, фенологиясы және қоректену ерекшеліктері туралы мәліметтер алынды.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Об итогах работы Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан за 2014 год и задачах на 2015 год.
- [2] Отчет о реализации Программы развития Жамбылской области на 2011-2015 годы.
- [3] Таранов Б.Т. Насекомые-вредители генеративных органов саксаула. Современное экологическое состояние Приаралья, перспективы решения проблем: Международ. Науч.-практич.конф.-Кызылорда.-2011.- 92-94с.
- [4] Tumenbayeva N., Taranov B.T., Grekov D., HarizanovaV. Lepidopteran species (*Insecta: Lepidoptera*) feeding on saxauls (*Chenopodiaceae: Haloxylon*) in desert areas of South-Eastern Kazakhstan. Jubilee Scientific Conference TRADITIONS AND CHALLENGES FACING AGRICULTURAL EDUCATION, SCIENCE AND BUSINESS. Agricultural University-Plovdiv. Bulgaria. October 29-31, 2015.
- [5] Туменбаева Н.Т., Таранов Б.Т. Видовое разнообразие чешуекрылых (*Insecta: Lepidoptera*) обитающих на саксауле (*Chenopodiaceae: Haloxylon spp.*) в зоне пустынь юго-востока Казахстана. Изденистер, нағылжелер. 2016. - 190-195с.
- [6] Туменбаева Н.Т., Таранов Б.Т. Биология и вредоносность чешуекрылых повреждающих вегетативные органы саксаула в зоне пустынь Юго-Востока Казахстана. Вестник Государственного университета имени Шакарима. Семей. 2016. - 184-189с.
- [7] Фасулати К.К. Полевое изучение насекомых беспозвоночных.-М.: Высшая школа, 1971.- 424с.
- [8] Палий В.Ф. Методика изучения фауны и фенологии насекомых. – Воронеж: Центрально-Черноземное книжное издательство, 1970. -189 с.
- [9] Charles Boursin. Eineneue Cardepia Hps. aus Turkestan. Zeitschrift der Wiener Entomologischen Gesellschaft 47. Jg. 1962. Paris. Seite pp.160
- [10] Ключко З.Ф. Совки (*Lepidoptera: Noctuidae*) Донецкой области Украины (*Ukraine*). Эверсманния. Энтомологические исследования в России и соседних регионах. Вып. 13-14. 1. VI. 2008: 65-83с.
- [11] B. Benedek, Zs. Bálint. Data to the Lepidoptera fauna of Kazakhstan: high summer collectings in 2009. FOLIA ENTOMOLOGICA HUNGARICA ROVARTANI KÖZLE MÉN YEK. Volume 74. 2013. pp.137–145
- [12] Dmitry F., Shovkoon T., Trofimova A. To Research of Noctuoidea Fauna (*Lepidoptera*) of the Western Kazakhstan. Entomofauna. ZEITSCHRIFT FÜR ENTOMOLOGIEB. Ansfelden, 30. April 2016.
- [13] Горбунов П.Ю. Высшие чешуекрылые (*Macrolepidoptera*) пустынь и южных степей Западного Казахстана. Екатеринбург, 2011.-55-90с.

## REFERENCES

- [1] Ob itogah raboty Ministerstva sel'skogo hozjajstva Respubliki Kazahstan za 2014 god i zadachah na 2015 god.
- [2] Otchet o realizacii Programmy razvitiya Zhambylskoj oblasti na 2011-2015 gody.
- [3] Taranov B.T. Nasekomye-vrediteli generativnyh organov saksaula. Sovremennoe jekologicheskoe sostojanie Priaral'ja, perspektivny reshenija problem: Mezhdunarod. Nauch.-praktich.konf.-Kuzylorda.-2011.- 92-94s.
- [4] Tumenbayeva N., Taranov B.T., Grekov D., HarizanovaV. Lepidopteran species (*Insecta: Lepidoptera*) feeding on saxauls (*Chenopodiaceae: Haloxylon*) in desert areas of South-Eastern Kazakhstan. Jubilee Scientific Conference TRADITIONS AND CHALLENGES FACING AGRICULTURAL EDUCATION, SCIENCE AND BUSINESS. Agricultural University-Plovdiv. Bulgaria. October 29-31, 2015.
- [5] Tumenbaeva N.T., Taranov B.T. Vidovoe raznoobrazie cheshuekrylyh (*Insecta: Lepidoptera*) obitajushhih na saksuale (*Chenopodiaceae: Haloxylon spp.*) v zone pustyn' jugo- vostoka Kazahstana. Izdenister, naғылжелер. 2016. - 190-195s.
- [6] Tumenbaeva N.T., Taranov B.T. Biologija i vredonosnost' cheshuekrylyh povrezhdajushhih vegetativnye organy saksaula v zone pustyn' Jugo- Vostoka Kazahstana. Vestnik Gosudarstvennogo universiteta imeni Shakarima. Semej. 2016. - 184-189s.
- [7] Fasulati K.K. Polevoe izuchenie nasekomyh bespozvonochnyh.-M.: Vysshaja shkola, 1971.- 424s.
- [8] Palij V.F. Metodika izuchenija fauny i fenologii nasekomyh. – Voronezh: Central'no-Chernozemnoe knizhnoe izdatel'stvo, 1970. -189 s.

- [9] Charles Boursin. Eineneue Cardepia Hps. aus Turkestan. Zeitschrift der Wiener Entomologischen Gesellschaft 47. Jg. 1962. Paris. Seite pp.160
- [10] Z.F. Kljuchko. Sovki (*Lepidoptera:Noctuidae*) Doneckoj oblasti Ukrayny (*Ukraine*). Jeversmannija. Entomologicheskie issledovanija v Rossii i sosednih regionah. Vyp. 13-14. 1. VI. 2008: 65-83c.
- [11] B. Benedek, Zs. Bálint. Data to the Lepidoptera fauna of Kazakhstan: high summer collectings in 2009. FOLIA ENTOMOLOGICA HUNGARICA ROVARTANI KÖZLE MÉN YEK. Volume 74. 2013. pp.137–145
- [12] Dmitry F., Shovkoon T., Trofimova A. To Research of Noctuoidea Fauna (*Lepidoptera*) of the Western Kazakhstan. Entomofauna. ZEITSCHRIFT FÜR ENTOMOLOGIEB. Ansfelden, 30. April 2016.
- [13] Gorbunov P.Ju. Vysshie cheshuekrylye (*Macrolepidoptera*) pustyn' i juzhnyh stepей Zapadnogo Kazahstana. Ekaterinburg, 2011.-55-90c.

**Н. Т. Туменбаева, Б. Т. Таранов**

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

**ЧЕШУЕКРЫЛЫЕ (INSECTA: LEPIDOPTERA),  
ПОВРЕЖДАЮЩИЕ ГЕНЕРАТИВНЫЕ ОРГАНЫ САКСАУЛА  
В ЗОНЕ ПУСТЫНЬ НА ЮГО ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА**

**Аннотация.** По результатам проведенных фаунистических исследований в зоне пустынь на юго востоке Казахстана в 2014-2015 гг. нами обнаружены специализированные вредители генеративных органов саксаула в ранне-весенний период, 2 вида из семейства совок (*Noctuidae: Cardepia irrigoria Ershov.* и *Cardepia helix Boursin.*), а в осенний период - по одному виду из семейства гелехид (*Gelechiidae: Scrobipalpa sp.*) и чехлоносок (*Coleophoridae: Ionescumia saxauli Flkv.*), которые питаются созревающими семенами. Получены данные по их биологическими особенностями и по характеру вреда.

**Ключевые слова:** саксаул, чешуекрылые, генеративные органы, семена, совки, чехлоноски, гелехиды, биология.